



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2023 жылғы Қазақстан Республикасында заңды
тұлғаларға көрсетілген пошталық және курьерлік
қызметтер тарифтерінің индексі*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Кабыкбаева Малика Сайдуллоевна

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Директор Жақыпбекұлы Қуанышбек

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

m.kabykbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-95-33

S.2 Өзектілік- кіріспе

Пошталық және курьерлік қызметтеріне тарифтер индексін заңды тұлғалар үшін пошталық және курьерлік қызметтеріне тарифтердің уақыт ішінде өзгеруін сипаттайды.

Пошталық және курьерлік қызметтерге тарифтер индекстері:

- 1) пошталық, курьерлік қызметтерінің нақты көлем индекстерін есептеу;
- 2) аталған экономикалық қызмет түрлерінде еңбек өнімділігін есептеу және басқа да экономикалық-талдамалық есептеулер;
- 3) мемлекеттік органдар және ғылыми ұйымдар жүргізетін экономикалық мониторингті, болжамдауды, салыстыруды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

ҚР СЖРА ҰСБ әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар, сондай-ақ "Атамекен" ҰҚП өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстарын өткізеді, онда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының блогы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

2023 жылғы 10 қаңтар

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

2023 жылғы 10 қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

2023 жылғы 10 қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Пошталық және курьерлік қызметтері тарифтерінің индекстері заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық және курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің уақыт ішінде өзгеруін, бір айға салыстырудың әртүрлі кезеңдеріне, есепті жылғы кезең өткен жылғы тиісті кезеңге есептеуін сипаттайды.

Заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық және курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің индексі заңды тұлғаларға өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін оларға қажетті осы қызметтерді өндіру бойынша операцияларды есепке алады. Операциялар қосылған құн салығынсыз, нарықтық бағалар бойынша бағаланады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Пошталық және курьерлік тарифтерінің индекстерін құру кезінде:

- 1) «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші» (ЭҚЖЖ);
- 2) көрсетілетін қызметтердің статистикалық жіктеуіші (КҚСЖ) қолданылады.

S.4.3 Секторлық қамту

Экономиканың зерттеліп отырған сегменттері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес әртүрлі шарттарда хаттар мен сәлемдемелерді алу, тасымалдау және жеткізу бойынша қызметтер сияқты пошталық және курьерлік қызметтерді қамтитын «Пошталық және курьерлік қызмет» (ЭҚЖЖ – 53) бөлімінде ұсынылған.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

- 1) Тарифтердің өзгеруіне байқау Пошталық, курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүргізіледі ол ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында «Әдіснама» // «Баға статистикасы» бөлімінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік ақпараттық-құқықтық жүйесі www.adilet.kz сайтында қол жетімді.

Әдістемеде келесі анықтамалар қолданылады:

- агрегатталған баға (тарифтер) индексі – жекелеген шағын топ, топ немесе жалпы зерттелетін құбылыс бойынша өзгерісті сипаттайтын және жекеленген баға индекстер

(тарифтер) негізінде құрастырылатын индекс;

- базалық объект – ондағы бағаларды тіркеу және байқау үшін іріктеліп алынған, заңды тұлға; Базалық объектілердің іріктелген жиынтығы негізгі талапқа – өңірлік және салалық бөліністе көрнекілікті ұсынуға жауап беруі тиіс.

- бас жиынтық – сипаттамасы бағалауға жататын талдаудың барлық бірліктерінің толық тобы;

- жіктелім – қабылданған белгілерге сәйкес ұқсастықтары мен өзгешеліктері бойынша көптеген объектілерді топқа бөлу;

- жеке (қарапайым) баға индексі – зерттелетін жиынтықтың (нақты тауардың, қызметтің) бір элементі бағаларының өзгерісі;

- іріктемелі байқау – жалпы жиынтықтың барлығының өзіндік ерекшелігін жорамалдауға мүмкіндік беретін бас жиынтықтың кейбір бөлігін зерттеу;

- өкіл-қызмет – топтағы қызметтің сапасы мен негізгі тұтыну қасиеттеріне әсер етпейтін және мақсаты бойынша біртекті бір-бірінен елеусіз ерекшеліктерімен айрықшаланатын, белгілі бір қызмет түрлерінің жиынтығы;

- салмақтау – жиынтық көрсеткішті алу үшін және тікелей қосуға келе бермейтін әртүрлі тауарлардың өлшемдестігін қамтамасыз ететін, индекстік есептеуде қолданылатын рәсім;

- салмақтау схемасы – стандартты жіктемеге сәйкес, агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған нақты өнімнің, тауарлардың, қызметтердің салмақ жиынтығы;

- сипаттама – бағаны тіркеу үшін іріктелген жеке қызметті сәйкестендіру үшін қолданылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізімі;

- статистикалық бизнес-тіркелім – құқықтық және статистикалық бірліктердің арнайы ұйымдастырылған, жүйеленген тізбесін білдіреді. Ол тіркелімге енгізілген барлық бірліктер туралы қысқаша әкімшілік және экономикалық ақпаратты қамтиды.

- бағаларды тіркеу – жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;

2) Деректерді жинау құралдары - статистикалық нысандар:

- «Заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық қызметтердің тарифтері туралы есеп» (индексі 1-тариф (пошта), кезеңділігі - айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқау;

- «Заңды тұлғаларға көрсетілген курьерлік қызметтердің тарифтері туралы есеп» (индексі 1-тариф (курьер), кезеңділігі - айлық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқау

Статистикалық нысандар ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтындағы "Респонденттер үшін"/"2023 жылғы статистикалық нысандар"/"Айлық нысан" бөлімінде қол жетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Пошталық, курьерлік қызметтері тарифтерінің өзгерісін байқау үшін статистикалық бірлік осы экономикалық қызмет түрлерінде қызметін жүзеге асыратын және барлық өндірістік операцияларға қатысты шешімдер қабылдайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер – пошталық және курьерлік қызметтерін өндірушілер болып табылады. Оларға осы қызмет түрлеріне лицензия негізінде қызметті өндіретін және көрсететін ұйымдар кіреді.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Базалық объектілерді іріктеу үшін бас жиынтықты «Пошталық және курьерлік қызмет» (ЭҚТЖЖ – 53) Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеушінің кодына сәйкес негізгі экономикалық қызмет түрлері бар заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшілері, жеке кәсіпкерлер құрайды.

Іріктеу барысында бас жиынтықтан белгілі критерийі бойынша ең көп үлес салмағы бар ең елеулі бірліктерді іріктеуді көздейтін негізгі массив әдісі пайдаланылады.

Пошталық және курьерлік қызметтері үшін базалық объектілерді іріктеу кезінде негізгі критерийі пошталық және курьерлік қызметтердің көрсетілген қызметтері туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқау деректері бойынша қалыптастырылатын заңды тұлғаларға көрсетілген

«көрсетілген қызметтің көлемі» көрсеткіштері болып табылады.

Іріктеменің репрезентативті басқа критерийі негізгі қызмет түрлерін барынша қамтуды қамтамасыз ету болып табылады. Соңғы жылдары қызмет нарығында пайда болған сымсыз байланыстың, курьерлік жеткізудің жаңа түрлерін көрсететін операторлар көрсетілген қызмет көлеміне қарамастан іріктемеге қосылады.

Базалық объектілер іріктемесі келесі қағидаттарға негізделеді:

- 1) ауқымдылық – барлық типтегі және әртүрлі меншік нысанындағы объектілерді қосу;
- 2) географиялық репрезентативтілігі – байқаудың әртүрлі өңірлерінде орналасқан объектілерді таңдау;
- 3) типтілік – осы экономикалық қызмет түріне тән жұмыс шарттары (көрсетілетін қызметтердің түр-түрі, технологиялық үдерістер және басқалары) бірдей болатын объектілерді қосу;

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар.

S.4.8 Қамту уақыты

Пошталық және курьерлік тарифтерінің индексі 1998 жылғы қаңтардан бастап қалыптастырылады, қазіргі уақытқа дейін уақытша қатарлары бар.

S.4.9 Базалық кезең

2020 жыл = 100%

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дерек көздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. "Пошталық, курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 тамыздағы №170 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14251 болып тіркелген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы жағдайында сақталатын және өңделетін ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми

мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларын бекіту қағидалары.Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1-тармағы, 2-тармағы сәйкес ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі қалыптастырылады.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы» www.gov.kz, Басқалар / ҚР СЖРА / Агенттік туралы / Улттық статистика бюросы / Құжаттар бөлімінде «2023 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі» орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға сапалы ресми статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға қол жеткізуге тең құқықтарды мемлекеттік статистика органдарының Интернет-ресурстарында (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты) орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

S.10 Тарату жиілігі

ай

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпарат баспасөз хабарламасы түрінде жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

"Қазақстан Республикасында заңды тұлғаларға арналған пошталық және курьерлік көрсетілетін қызметтер тарифтерінің индексі" Электрондық кестелер ай сайын ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында жарияланады және өңірлер бөлінісінде және республика бойынша тарифтердің өзгерістері туралы барлық кезеңдер бойынша деректерді қамтиды.

Электрондық кестелер негізгі бетте Экономика//Баға статистикасы бөлімінде жарияланады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау/Баға статистикасы/Баға мен тарифтер индексі/Өндіріс саласында қызмет көрсету бағасы мен тарифтерінің индексі/Заңды тұлғаларға пошталық және курьерлік көрсетілетін қызметтер тарифтерінің индексі" Ақпараттық-талдамалық жүйесі

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Жоқ

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

"Пошталық, курьерлік және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «23» тамыздағы № 170 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14251 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында «Әдіснама»//«Баға статистикасы» бөлімінде және www.adilet.kz сайтында қол жетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистикакомитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистикакомитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.
4. Қазақстан Республикасының Стратегиалық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы №2 бұйрығымен бекітілген әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурыздағы №34168 тіркелген.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, визуалдық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- өлшеу жүйелерін жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

Пошталық, курьерлік және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесі халықаралық ұйымдардың сараптамасынан өтпейді, өйткені ол өндірістік саладағы қызметтер бағасы индекстерінің құрамына кіретін субиндекс болып табылады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Бизнеске және қоғамға қызығушылық - Қазақстан Республикасында және облыстар бойынша қалыптасатын пошталық және курьерлік қызметтері тарифтерінің индексін білдіреді.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ "Пайдаланушыларға сауал салу" Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпарат пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Пошталық, курьерлік қызметтер бағасының есептелетін индекстерінің дәлдігі мен сенімділігі бақылаудың оңтайлы таңдалған әдісін жүргізумен қамтамасыз етіледі.

«Пошта, курьерлік және байланыс қызметтерінің тарифтік индекстерін құру әдістемесі» базалық объектілерді іріктеуге, тарифтерге статистикалық байқау жүргізуге және көрсеткішті есептеу рәсімдеріне қойылатын талаптар қойылған халықаралық стандарттарға негізделген.

Пошталық, курьерлік қызметтер тарифтерінің қозғалысын байқау үшін кәсіпорындар жаппай негізге қосылады.

Ұлттық пошта операторы пошталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің өзгерісін байқау үшін базалық объект болып табылады.

Базалық объектілердің іріктемелі жиынтығын жандандыру пошталық, курьерлік қызметтері нарығындағы құрылымдық өзгерістерге байланысты жүзеге асырылады. Қызмет нарығынан шығып қалған ұйымдар алынады, ал жаңадан құрылғандары статистикалық байқауға қосылады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Анықталмаған.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

"шартты" бағаны есептеу әдістері Пошталық, курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесіне сәйкес қолданылады.

Жауабы жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер бюллетенде респондеттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсыну мерзімі аяқталғанан кейін 10-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде жыл сайын бекітіледі және жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ТРЗ

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімі ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жарияланым мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Пошталық және курьерлік қызметтерінің тарифтер индексінің динамикалық қатары салғастырмалы және 1998 жылдан бастап үзіліссіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Әдістеме Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қоғамдастықтың статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік Банкі (2004 жылы) шығарған «Өндірушілер бағасының индексі бойынша нұсқау: теория және тәжірибе» нұсқауының Қазақстан Республикасының экономикасы мен зерттелетін экономикалық қызмет түрінің ерекшелігін ескере отырып бейімделген қағидаттары мен ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі ішкі келісілген болып табылады. Бензин бағасының өзгеруімен бар курьерлік қызметтер тарифтері өзгеруінің келісушілігі төменде берілген.

Бензиннің бөлшек сауда бағалары және курьерлік қызметтер тарифтерінің өзгеруі

пайызбен, адыңғы айға, өсуі +, кемуі –



2023 жыл бойы бензиннің бөлшек сауда бағаларында өзгеріс болды. Бұл өзгерістер курьерлік қызметтердің тарифтерінде кейбір кезеңдерде шамалы өзгерістерге әкелді. Сәуір айындағы бензин бағасының күрт өсуі курьерлік қызметтерге әсер етпеді, қызметтер мен бензин жеткізу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасалғандықтан. Сондықтан үрдіс аса байқалмады.

S.19 Жүктеме

Бағалар респонденттің қалауы бойынша электронды түрде және қағаз жеткізгіште жиналады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметико-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау, жетіспейтін деректерді енгізу рәсімдері көзделген. Басқа зерттеулермен қайталанбайды. Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Пошталық және курьерлік қызметтері тарифтерінің индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау схемасы) және пошталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің өзгеруі.

Салмақтау схемалары орталықтан әр өңір бойынша және жалпы республика бойынша

қалыптастырылады. Олардың құрылысы байқауға енгізілген пошталық және курьерлік қызмет көрсетуден кәсіпорындардың кірісі туралы деректердің құнын бөлуге негізделген.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

1-тариф (пошта) «Заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық қызметтердің тарифтері туралы есеп» және 1-тариф (курьер) «Заңды тұлғаларға көрсетілген курьерлік қызметтердің тарифтері туралы есеп» статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште қолма-қол аумақтық статистика бөлімшелеріндегі «Бір терезеге», почталық байланыс қызметтері арқылы немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған «Деректерді он-лайн режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

"Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес анық алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

Бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында дұрыс емес деректер немесе оларды респондентке қатысты беру тәртібін бұзушылықтар анықталған жағдайда аумақтық бөлімшелер мемлекеттік бақылау жүгізеді. "Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 12.2-бабына сәйкес.

Бастапқы статистикалық деректерді енгізу және өңдеу кезінде тарифтердің минималды және максималды индекстерінің форматтық-логикалық бақылаулары, алдыңғы айдағы тарифтер деңгейімен салыстыру, сонымен қатар әртүрлі шығыс бақылаулары бар.

Бұдан басқа, бастапқы статистикалық деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін ҚР СЖРА ҰСБ-ның жауапты қызметкерлері форматтық-логикалық бақылау және визуализация қателерін пайдалана отырып, бастапқы статистикалық ақпаратты тексереді.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Импутация Пошталық, курьерлік және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.